КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінен
тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазақ тілі пәні оқытушысы
Камелова Алмира Сейтбековна

2022-2023 оқу жылы

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар
«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар
қазан айы 2022 жыл І апта

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 05.09.2022 ж. «Балдәурен» Сәрсенбі 07.09.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 06.09.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 08.09.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | – Мынау – балабақша.<br>– Қ-қ-қ – бақ-ша – балабақша.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – балабақша.<br>– Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза.<br>– Ә-ә-ә - әдемі, ң ң ң кең, қ қ қ жарық, таза. (Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды).<br>– Біздің балабақша қандай?<br>– Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза.<br>Дыбыстарды дұрыс дыбыстап айтуларын қадағалайды. | Демонстрациялық материалдармен «Біздің балабақша» жұмыс.<br>Дыбыстық жаттығулар жасау.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1.Суретке қарап, балабақша туралы әңгімеле. Өзіңнің балабақшаң қандай? Балабақшада саған не ұнайды?<br>2.Балабақшаға баратын жолды тап. Қарындашпен сызып көрсет.<br>Тапсырмаларды түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді. | Ойын: «Біз саяхат жасаймыз».<br>Тамаша ғой бақшамыз,<br>Саяхатқа шығамыз.<br>Алға басып келеміз,<br>Бәрін, бәрін білеміз.<br>Слайд: «Балабақша бөлмелері».<br>Балабақша бөлмелеріне саяхаттау.<br>Балаларға дыбыстық жаттығулар жасауды ұсыну және сөздерді қайталап, естеріне сақтауды ескерту.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**.<br>Суретке қарап, балабақша бөлмелері туралы әңгімеле. Өзіңнің балабақшаңда қандай бөлмелер бар?<br>Жеке жұмыс жүргізеді. |

Әдіскер Сабитова З.А.

Пән жетекшісі Камелова А.С.

05.09.22.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

<u>қазан айы 2022 жыл ІІ апта</u>

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 12.09.2022 ж.<br>«Балдәурен»<br>Сәрсенбі 14.09.2022 ж.<br>«Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 13.09.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 15.09.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | «Дос болайық бәріміз» ойын.<br>Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».<br>Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br>Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br>*Менің атым – ...*<br>*Мен төрт жастамын.*<br>*Менің досымның аты – ...*<br>*Біз тату ойнаймыз.*<br>*Менің атым – ...*<br>*Мен төрт жастамын.*<br>*Менің достарымның аттары – ...*<br>Сурет бойынша жұмыс.<br>Суретке қарап, достар туралы шағын мәтін құрауды ұсыну. | Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсету, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Топ бала, топ бала<br>Ойнап жүр топтала.<br>Зымырап допты ала<br>Қуады көп бала.<br>*Балалармен бірге жаңылпашты қайталау, балаларға жай, жылдам айтуды ұсыну. Өздеріне таныс сөздерді айтуларын сұрау.*<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1.Суретке қарап, сұраққа жауап бер. Топта не бар?<br>– Топта ойын бұрышы бар.<br>– Топта табиғат бұрышы бар.<br>– Топта ұйықтайтын бөлме бар. т.б.<br>2.Мынау не? Заттарды жекеше, көпше түрде ата.<br>Мынау – орындық, мынау – орындықтар.<br>– Мынау – есік, мынау – есіктер.<br>– Мынау – терезе, мынау – терезелер.<br>– Мынау – кілем, мынау – кілемдер.<br>Жеке жұмыс жүргізу. | Дидактикалық ойын: «Ғажайып сандық».<br>Сөздік ойын: «Жалғасын тап».<br>Суреттерді көрсету, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суретке қара. Балалар не істейді?<br>Сөйлемдер құра.<br>Жеке жұмыс жүргізу. |

Әдіскер Сабитова З.А.

Пән жетекшісі Камелова А.С.

09.09.22.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

қазан айы 2022 жыл ІІІ апта

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 19.09.2022 ж. «Балдәурен»<br>Сәрсенбі 21.09.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 20.09.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 22.09.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».<br>«Қуыршақтар» қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақыру.<br>Дүкенші – қуыршақ .., сатып алушылар – балалар.<br>Сурет бойынша *жұмыс.*<br>1.Ойыншықтарды ата. Өзіне ұнаған ойыншықты сипатта.<br>2. Тыңда. Таныс сөздерді тап, ата. | Сурет: «Балабақша қызметкерлері».<br>Ең алдымен бақшаға,<br>Тәрбиеші келеді.<br>Сені, мені күтеді.<br>Күлімдейді қарсы алып.<br>Дыбыстық жаттығулар жасауды ұсыну және сөздері қайталап, естеріне сақтауды ескерту.<br>Сурет бойынша *жұмыс.*<br>Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. | Ойын «Кім жылдам?» .<br>Екі балаға тапсырма беру, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек.<br>*Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел.*<br>Балаларға сұрақ қою: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айту.<br>1. Өзіңнің сүйікті ойыншығыңның суретін сал. Шағын мәтін құра.<br>2. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір.<br>Жеке жұмыс жүргізу.<br>«Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Ойыншықтар.<br>Ойын: «Дұрыс ата». Ойыншықтарды атайды, қаламмен тексереді. |

Әдіскер Сабитова З.А.

Пән жетекшісі Камелова А.С.

16.09.22.

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

қазан айы 2022 жыл I Үапта

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі26.09.2022 ж.<br>«Балдәурен»<br>Сәрсенбі 28.09.2022 ж.<br>«Жұлдызша»<br>ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 27.09.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 29.10.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Балаларды топтағы жиһаз түрлерінің атауларымен таныстыру. Өз бөлмелеріндегі жиһаздарды атай білуге үйрету.<br>Дыбыстық жаттығулар жасау.<br>«Менің бөлмем» постері<br>Сурет бойынша жұмыс.<br>«Ұқсас затты тап» дидактикалық ойын.<br>Жеке жұмыс жүргізу. | ойыншықты меншіктеп айтуға, диалогке қатысуға үйрету; ойыншықтарды сипаттау, сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дамыту, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру; ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.<br>Ойын «Кім жылдам?» .<br>Екі балаға тапсырма беру, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек.<br>*Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел.*<br>Балаларға сұрақ қою: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айту.<br>1. Өзіңнің сүйікті ойыншығыңның суретін сал. Шағын мәтін құра.<br>2. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір.<br>Жеке жұмыс жүргізу.<br>«Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Ойыншықтар.<br>Ойын: «Дұрыс ата». Ойыншықтарды атайды, қаламмен тексереді. | Дыбыстық жаттығу<br>Ү- ү-үз-үз – келді күз.<br>Ү-ү-ү-үй - қыр-гү -йек – қыркүйек<br>Қ-қ-қ-қа- қа-зан – қазан<br>Қ-қ-қ-қа- қа-ра-ша – қараша<br>Жаңылтпашпен танысу.<br>Күз, кез, күз,<br>Күш, кеш, көш,<br>Күл, кел, көл,<br>Кілең қысқа сөз,<br>Кім оқиды тез?<br>Балалар жаңылтпашты қайталайды: жай, жылдам.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1.Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата.<br>Балалар сөйлем құрайды. Суретте күз бейнеленген. Күзде жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғаяды. Құстар ұшып кетеді.<br>2.Жаттап ал. Тақпақты бірге жаттауды ұсыну.<br>Алтын, сары, қызыл көк –<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>Қ.Шаңғытбаев |

Әдіскер Сабитова З.А.

Пән жетекшісі Камелова А.С.

23.09.22

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

қазан айы 2022 жыл I апта

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 03.10.2022 ж. «Балдәурен» Сәрсенбі 05.10.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 04.10.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 06.10.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | «Менің отбасым» тақырыбында әңгімелесу. Өздерінің отбасы туралы әңгімелей білуге үйрету.<br>«Мына үйде кім тұрады?» дидактикалық ойын Өздерінің отбасы мүшелерін атай білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. | Тақпақ жаттау.<br>Көкөністі көп ектік,<br>«Өссін, піссін», – деп ектік.<br>Көктемде еккен көкөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>«Дүкен» ойыны.<br>Қима материалдармен жұмыс.<br>Көкөністердің атауын қайталау, есте сақтау.<br>Санамақпен сатушыны таңдайды.<br>Балалар дүкенге келеді.<br>Балалармен диалог жүргізу<br>Ойын күрделенеді. Балалар көкөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көкөніс екенін табады. | Дыбыстық жаттығу.<br>Ө-ө-өр-өр - өрік.<br>І-і-і-іс-әс – жеміс.<br>Қ -қ-қ - құрма.<br>«Дүкен» ойыны. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жемістердің атауын қайталау, есте сақтау.<br>Санамақпен сатушыны таңдайды.<br>Бала дүкенге келеді.<br>Диалог құру<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Маған өрік беріңізші.<br>– Алыңыз.<br>– Рақмет. Сау болыңыз.<br>Ойын күрделенеді. Бала жемісті сипаттайды.<br>Сатушы оның қандай жеміс екенін табады. |

Әдіскер Сабитова З.А. 13.10.22ж

Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

қазан айы 2022 жыл II апта

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 10.10.2022 ж. «Балдәурен» Сәрсенбі 12.10.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 11.10.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 13.10.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | «Мен тұратын көше» тақырыбында әңгімелесу. Өздері тұратын мекен жайлары туралы білуге үйрету.<br>«Көше» сюжеттік-рөлдік ойын.<br>Балаларды өздері тұратын көше атауын айта білуге үйрету. Қазақша сыпайы сөздерді үйрету, оларды өмірде қолдана білуге баулу. | «Кім жылдам?» ойыны. Екі себетке көкөністер мен жемістерді бөліп салу, атап және сипаттау.<br>Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?».<br>Ойынның мақсаты:<br>зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру.<br>Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету.<br>Дыбыстық жаттығу<br>Қ- қ-қ- қа-ра-қ-қат.<br>Ұ-ұ-ұ- құ-ұ-л-пы-най<br>Ң-ң-ң-таң-ң-қу-рай. | «Дүкен» ойыны. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жидектер, жемістер, көкөністердің атауын қайталау, есте сақтау.<br>Сөздік ойын: «Мен қай жидекті көрсеттім?».<br>Педагог себеттен жидектерді алып көрсетеді, *балалар атын атайды.*<br>Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»<br>– Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады?<br>– Жидектер.<br>– Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады?<br>– Жемістер.<br>– Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады?<br>– Көкөністер. |

Әдіскер Сабитова З.А. 13.10.22ж

Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

қазан айы 2022 жыл III апта

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 17.10.2022 ж. «Балдәурен»<br>Сәрсенбі 19.10.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 18.10.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 20.10.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Балаларды қарапайым қауіпсіздік ережелерінің қазақша атауларымен таныстыру, жаңа сөздерді жаттату. Сөздік қорларын молайту.<br>«Қауіпсіздік ережелері» сюжетті сурет<br>«Не өзгерді?» дидактикалық ойын | 1. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар:<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата?<br>Күз айларын ата?<br>Күз туралы тақпақ оқы?<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br>2. Көкөністер.<br>Қандай көкөністерді білесің?<br>Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) *қима суреттерден көрсету.*<br>Сурет бойынша сөйлем құра<br>3. Жемістер.<br>Қандай жемістерді білесің?<br>Артығын тап? (Алма, өрік, алмұрт, құлпынай).<br>Жемістер туралы жұмбақтар айтыңдар?<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br>4. Жидектер.<br>Қандай жидектерді білесің? (қарақат,құлпынай, таңқурай).<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br>Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды. | 1. Постер: «Апта күндері». *Балаларға постерден апта күндерін көрсету, бірге жаттауды ұсыну.*<br>– Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.<br>Балалар қайталайды, жеке және хормен.<br>Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет.<br>Балалар дүйсенбіде доп ойнады.<br>Сейсенбі күні серуенге шықты.<br>Сәрсенбіде сурет салды.<br>Бейсенбіде би билеп, ән салды.<br>Жұмада жидек терді.<br>Сенбіде кино көрді.<br>Жексенбіде үйлерінде демалды.<br>Балалар осылай бір аптаны өткізді.<br>Мазмұнын түсіндіру.<br>Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: *дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.*<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі<br>Ә-ә-ә- сәәр-сенбі<br>Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма |

Әдіскер Сабитова З.А. 17.10.22ж

Пән жетекшісі Камелова А.С.

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар
«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар
қазан айы 2022 жыл IYапта

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 24(22).10.2022 ж. «Балдәурен»<br>Сәрсенбі 26.10.2022 ж. «Жұлдызша»<br>ересек топтары 4 жастағы балалар | Бейсенбі 20.10.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | |
| | Күз мезгілі туралы әңгімелей отырып, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету.Күз туралы тақпақ жаттау, қазақ тіліне тән (ұ,ү,қ) дыбыстарды анық айтқызу.Күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы білімдерін кеңейту, жаңа сөздермен таныстыру.Жаңа сөздерді есте сақтауға сөздік ойын арқылы меңгерту.<br>-Күз, жаңбыр, жел, әдемі, салқын, сары<br>-Алтын,сары, қызыл, жасыл, алуан-алуан, көз тартады<br>-Күзде, жапырақтар, жауады, түседі<br>Сары, әсем, сарғаяды, құстар, ұшып кетеді. | **Дидактикалық ойын**: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».<br>Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br>*Менің атым – Аяла. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Асылым. Біз тату ойнаймыз.*<br>*Менің атым – Бекмұхамед. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Әлижан,Бекнұр. Біз достарымызбен татумыз.* (Балалар қайталайды).<br>***Жұмыс дәптерімен жұмыс***.<br>Суретке қарап, достар туралы шағын мәтін құрайды.<br>Арманға достарымен кездесу үшін жолды табуға көмектес.<br>Жеке жұмыс жүргізу. |

Әдіскер Сабитова З.А.
Пән жетекшісі Камелова А.С.
22. 10.22

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

қазан айы ІІІ апта 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 17.10.2022 ж. «Балдәурен» Сәрсенбі 19.10.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 18.10.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 20.10.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Балаларды қарапайым қауіпсіздік ережелерінің қазақша атауларымен таныстыру, жаңа сөздерді жаттату. Сөздік қорларын молайту.<br>«Қауіпсіздік ережелері» сюжетті сурет<br>«Не өзгерді?» дидактикалық ойын | Постердің көмегімен ойыншықтарды санау. Бір ит, екі мысық, үш доп, төрт аю, бес ұшақ.<br>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».<br>Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.<br>2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10<br>10 9 8 7 6 5 4 3 2 1<br>Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру». Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).<br>Санамақ жаттау.<br>Бақшада жақсы аға<br>Ойыншық береді.<br>Бір балық,<br>Екі шелек,<br>Үш үйрек,<br>Төрт түлкі,<br>Бес бүркіт.<br>3-4 бала санамақты қайталайды.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1.Әрбір дөңгелектің ішіндегі цифрды ата және сонша затты боя. | 1. Постер: «Апта күндері». *Балаларға постерден апта күндерін көрсету, бірге жаттауды ұсыну.*<br>– Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.<br>Балалар қайталайды, жеке және хормен.<br>Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет.<br>Балалар дүйсенбіде доп ойнады.<br>Сейсенбі күні серуенге шықты.<br>Сәрсенбіде сурет салды.<br>Бейсенбіде би билеп, ән салды.<br>Жұмада жидек терді.<br>Сенбіде кино көрді.<br>Жексенбіде үйлерінде демалды.<br>Балалар осылай бір аптаны өткізді.<br>Мазмұнын түсіндіру.<br>Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: *дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.*<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі<br>Ә-ә-ә- сәәр-сенбі<br>Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма |

Әдіскер Сабитова З.А. 17.10.22ж

Пән жетекшісі Камелова А.С.

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар
«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар
қараша айы І апта 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 31.10.2022 ж. «Балдәурен» Сәрсенбі 02.11.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 01.11.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 03.11.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Балаларға өздері туралы айтқызып үйрету. Аты-жөндері, өздерінің тегі туралы толық айта білуге үйрету.<br>Д.о «Өзім туралы»<br>Сурет бойынша жұмыс. | «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақыру.<br>2. Негізгі кезең<br>Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды.<br>Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау.<br>Атам, әжем,<br>Әкем, шешем.<br>Әпкем, сіңілім,<br>Ағам, інім және мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>Екінші тапсырма: Отбасы туралы қандай мақал білесіңдер?<br>*Балалар мақалдарды естеріне түсіру.*<br>1. Отан отбасынан басталады.<br>2. Баланың бас ұстазы – ата-ана.<br>3. Інісі бардың – тынысы бар,<br>Ағасы бардың – жағасы бар.<br>4.Аға әдепті болса, іні әдепті, Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.<br>Үшінші тапсырма: Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. | *Мақал-мәтелді түсіндіру.*<br>«Адам досымен, ағаш тамырымен мықты» .<br>Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».<br>Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br>*Менің атым – Аяла. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сая. Біз тату ойнаймыз.*<br>*Менің атым – Бекнұр. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Әділ, Әмір. Біз достарымызбен татумыз.* (Балалар қайталайды). |

Әдіскер Сабитова З.А. 31.10.22ж
Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар
«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар
07-10 караша II апта 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 07.11.2022 ж. «Балдәурен» Сәрсенбі 09.11.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 08.11.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 10.11.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Дәрумендер атауларымен таныстыру. Тағам түрлерімен таныстыру.<br>Дәрумендер атауларын үйрету.<br>Жаңа сөздерді меңгерту.<br>«Супермаркет» постері.<br>«Көкөністерді жинайық» дидактикалық ойын | **Дыбыстық жаттығу**<br>Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.<br>Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.<br>Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.<br>Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер.<br>Ойын: Кім не істейді?<br>Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады.<br>Балалар сөйлемдерді қайталайды.<br>«Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады.<br>Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрау.<br>– Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді?<br>*Балалар Менің* есімдігін жауаптарында қолданады.<br>Ата-аналарының мамандықтарын атайды.<br>– Менің әкем құрылысшы болып істейді.<br>– Менің анам дәрігер болып істейді.<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Ұшқыш меңгергенді<br>Дәрігер меңгере ала ма?<br>Дәрігер меңгергенді<br>Ұшқыш меңгере ала ма?<br>Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу .<br>әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету | Ойын: «Ғажайып сөздер»<br>– Сәлеметсіз бе?<br>– Өтінемін.<br>– Рақмет, рақ-мет.<br>– Кешіріңіз.<br>Балалар сөздерді қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ә- ә - ә - ә – ә – әәдеп-ті, әдепті.<br>Ө -ө-ө-өөті- не-мін, өтінемін.<br>І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-ң-і-і-з, кешіріңіз<br>Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»<br>– Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс?<br>Апаң сенің базардан<br>Алма сатып әкелді.<br>Ең үлкенін, жақсысын<br>Саған таңдап әперді.<br>Не деп айтып жеу керек?<br>«Рақмет, апа!» – деу керек.<br>Балалар жүр көшеде,<br>Естілді шу-айғай.<br>Сен де шықтың досыңды,<br>Қағып кеттің байқамай. |

Әдіскер Сабитова З.А. 07.11.22ж
Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

14-17 қараша 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 14.11.2022 ж. «Балдәурен»<br>Сәрсенбі 16.11.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 15.11.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы<br>5 жастағы балалар | Бейсенбі 17.11.2022 ж.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы<br>5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын айта білуге үйрету. Сөздік қорларын байыту.<br>«Біз көмекшіміз» постері<br>«Біз еңбекқор баламыз» д. ойын | Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?».<br>Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады.<br>– Қай көшеде, кандай үйде тұрасың?<br>Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды.<br>– Мен ... (көшенің аты) көшесінде<br>– Сенің үйіңде неше бөлме?<br>– Сенің пәтеріңде үйіңде қандай бөлме бар?<br>Суретпен жұмыс. «Менің бөлмем» | Суретпен жұмыс.<br>– Мынау – балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме?<br>– Мынау – балалар бөлмесі.<br>Бірнеше бала жауап береді.<br>– Бөлмеде нелер бар? Бөлмедегі заттарды атап, көрсетеді. Бөлмеде кілем, кереует, үстел, орындық бар. Бөлмеде ойыншықтар бар.<br>– Бөлме қандай? (әдемі, жарық)<br>– Терезеде перде бар. Перде әдемі.<br>– Мынау не? (Перде сөзін жеке, хормен қайталайды).<br>– Бөлмеде шам бар. Мынау шам. Шам үстелдің үстінде тұр.<br>– Шам қайда тұр?<br>– Бөлмеде кітаптар бар. Кі-тап-тар.<br>– Сенің бөлмең бар ма? Бөлмеңде не бар?<br>1. Суретте қандай бөлме бейнеленген? Бөлмеде нелер бар?<br>2. Өзіңнің бөлмеңде бар заттарды ата. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды, жеке-жеке жауап береді.<br>Сәуле өзінің бөлмесі туралы айтады: *Менің бөлмем үлкен, жарық, таза. Бөлмемде кереует, үстел, орындық бар. Ойыншықтар бар. Мен бөлмемде ойнаймын. Ойыншықты жинаймын.*<br>Балалар үлгі бойынша мәтін құрайды. |

Әдіскер Сабитова З.А. 10. 11. 22ж

Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

21-25 караша 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 21.11.2022 ж. «Балдәурен» Бейсенбі 24.11.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 22.11.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 24.11.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Балаларға салауатты өмір салтының қажеттілігі жөнінде түсінік беру.<br>Сөйлем құрастыра білуге үйрету.<br>Дидактикалық карточкалар.<br>Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» | Тақпақ жаттау.<br>Отан – сенің ата-анаң,<br>Отан – досың, бауырың,<br>Отан – өлкең, астанаң,<br>Отан – аудан, ауылың.<br>Е. Өтетілеуұлы<br>*Сөздік ойын:* «Сұрақ-жауап»<br>– Сенің Отаның қалай аталады?<br>–– Қай ауылда тұрасың? (ауылының атын айтады).<br>– Отанымыздың бас қаласын ата?<br>– Қазақстан қандай мемлекет? (тәуелсіз мемлекет)<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1. Суреттерге қара. Сөйлем құра.<br>Қазақстан Республикасының Президенті кім?<br>2. Мақал-мәтелді жатта. Мағынасын түсіндір.<br>Отан – оттан да ыстық. | «Зерде» интеллектуалды ойын ойнауға шақыру.<br>I кезең: «Таныстыру».<br>Балалар өздерін таныстырады. (Менің атым – ... Мен бес жастамын. Мен балабақшаға барамын).<br>II кезең: «Білгенге – маржан». Бұл кезеңнің шарты сұрақтарға жылдам тез жауап беру керек.<br>– Мамандық иелерін ата?<br>– Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>– Бөлмеде не бар?<br>– Сыпайы сөздерді ата.<br>– Таңертең не істейміз?<br>– Апта күндерін ата. т.б |

Әдіскер Сабитова З.А. 15.11.22ж

Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар
«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар
28 қараша -1 желтоқсан 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 28.11.2022 ж. «Балдәурен» Бейсенбі 01.12.2022 ж. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 29.11.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 01.12.2022 ж. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Қазақстанның тарихи жерлерінің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. Түрлі-түсті суреттер. Қысқа метражды бейнебаян | **Мемлекеттік Ту**. Тудың шетінде ою-өрнек, ортасында күн, күннің астында қыран құс бейнеленген. Түсі көгілдір.<br>– Мемлекеттік Туда не бейнеленген? (Мемлекеттік Туда қыран, күн, ою-өрнек бейнеленген)<br>– Тудың түсі қандай? (Түсі көгілдір)<br>– Мемлекеттік Тудың авторы (Шәкен Ниязбеков)<br>Балалар қайталайды.<br>1. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Туды сипатта, сөйлем құра.<br>Мемлекеттік Туда күн бейнеленген. Күннің түсі сары. Мемлекеттік Туда қыран құс бейнеленген. Мемлекеттік Туда ою-өрнек бейнеленген. Мемлекеттік Тудың түсі көгілдір.<br>2.Тақпақ жатта.<br>**Қазақстан жалауы**<br>Жалауымда көгілдір,<br>Күн күледі төгіп нұр.<br>Қыран-бейне қанатты,<br>Көкке самғар – еліммен!<br>Ө.Ақыпбекұлы | Мәтінді оқу. *Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.*<br>– Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген?<br>– Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген.<br>– Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім?<br>– Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді, мәтінді қайталайды.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс:<br>1. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.<br>– Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.<br>– Елтаңбада тұлпар бейнеленген.<br>– Елтаңбада жұлдыз бейнеленген. |

Әдіскер Сабитова З.А. 25.11.22ж
Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар
«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар
5-9 желтоқсан 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 5.12. «Балдәурен»<br>Бейсенбі 8.12 «Жұлдызша»<br>ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 6.12.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 8.12<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Астана қаласы туралы өлең тақпактар үйрету, сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру танымдық білімдерін кеңейту, сөздік қорларының белсенділігін арттыру.<br>«Астана - Елорда» түрлі-түсті суреттер, буклет.<br>«Менің сүйікті қалам» дидактикалық ойын | Сұрақ қою: Астана қандай қала?<br>– Астана – астана.<br>Мен сендерге Астананың көрікті орындарын көрсете аламын.<br>Тақтада көрсету. Астана қаласы– біздің астана. Мынау – Астана қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп.<br>– Көше таза. Көшелер таза.<br>– Мынау – үй. Үй – үйлер.<br>– Биік үй. Биік үйлер.<br>– Әдемі үйлер.<br>– Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі).<br>Бәйтерек әдемі.<br>Мынау – ескерткіш.<br>Мынау – үш би ескерткіші.<br>Астана – жаңа қала.<br>Астана қандай қала екен? Астана – жаңа қала.<br>Астана – әдемі, таза қала.<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталап, жаттығады.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек.<br>І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш. | Жаңылтпаштарды балаларға жай, жылдам қайталатып айтқызу.<br>Доп теп,<br>Дөп теп.<br>Жағажайды жағалай,<br>Жүгіреді Қамажай.<br>Пай-пай-пай,<br>Жайылып жүр тай.<br>Ай-ай-ай,<br>Ұшып кетті торғай.<br>Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім,<br>Неше кіші ішік піштім?<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суреттерді толықтырып аяқта.<br>Бұл – не? Ата. Олар туралы жұмбақтар құра.<br>Жеке жұмыс жүргізу. |

Әдіскер Сабитова З.А. 05.12.22ж
Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

12-16 желтоқсан 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 12.12 «Балдәурен»<br>Бейсенбі 15.12. «Жұлдызша»<br>ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 13.12.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы<br>5 жастағы балалар | Бейсенбі 15.12.<br>«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы<br>5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Сурет бойынша әңгіме құрау<br>«Менің Қазақстаным» постері.<br>Дидактикалық ойын «Күннің шуағы»<br>Балалар сұраққа жауап беріп, күннің шуақтарын жинайды.<br>1. Біздің мемлекетіміз қалай аталады? (Қазақстан)<br>2. ҚР президенті кім? (Қ.Тоқаев)<br>3. Тудың түсі қандай? (Көгілдір)<br>4. Біз қай облыста тұрамыз. (Шығыс Қазақстан)<br>5. Қазақстан қандай мемлекет? (Тәуелсіз мемлекет)<br>6. Қазақстан Республикасында қандай рәміздер бар? (елтаңба,ту, әнұран)<br>«Тәуелсіз Қазақстан» өлең және ән айту | Тақтада Алматымен таныстыру.<br>– Мынау – Алматы қаласы. Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарады. Мынау – саябақ. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. (Бірнеше саябақ суреттері көрсетіледі). Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе.<br><br>Медеу, Көктөбе туралы қысқаша айтып өту.<br>Алматы қандай қала екен?<br>Алматы – әдемі, әсем қала. Әдемі, әсем.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ө-ө-ө-ө – көөөк-төбе- көктөбе<br>Ә-ә-ә-ә - әсем- әсем.. Ойын: «Жалғастыр».<br>Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. 70<br>Қа...(қала)<br>Кө... (көше)<br>Сая.. (саябақ)<br>Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала). | Сурет бойынша әңгіме құрау.<br>Дыбыстық жаттығу<br>Қ-қ- қ - қа – қар. Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ – сырғанақ.<br>Сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.<br>*Мынау – қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конькимен сырғанап ойнап жүр. Бұлар – қыс қызығы.*<br>Балалар қайталайды.<br>**Тақпақ жаттау**.<br>Қыста қармен ойнаймыз,<br>Қызыққа біз тоймаймыз.<br>Таудан төмен сырғанап,<br>Шаңғы, шана тебеміз. |

Әдіскер Сабитова З.А. 12.12.22ж

Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

19-23 желтоқсан 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 19.12 «Балдәурен» Бейсенбі 22.12. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 20.12. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 22.12. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
| --- | --- | --- | --- |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
| | Балаларға айналамызда қоршаған табиғат,өсімдіктер туралы әңгімелеу, түсінік беру.<br>Түрлі – түсті суреттер.<br>Сурет бойынша жұмыс.<br>Бөлме гүлдері –адамның досы.<br>Әдемі дала гүлдері. | 1.Суретке қара. Ертегідегі кейіпкерлерді ата.<br>Қай жануардан кейін қайсысы келді? Цифрмен көрсет.<br>*Бірінші тышқан келді.*<br>2.Сыңарын тап. Сызықпен қос.<br>Жеке жұмыс жүргізу. | **Жұмыс дәптерімен жұмыс.**<br>1. Қандай сыйлық алғанды ұнатасың? Суретін сал.<br>2. Суретке қара. Жасырынған заттарды тап. Ата. |

Әдіскер Сабитова З.А. 19.12.22ж

Пән жетекшісі Камелова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Балдәурен», «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар

«Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5жастағы балалар

26-30 желтоқсан 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 26.12 «Балдәурен» Бейсенбі 29.12. «Жұлдызша» ересек топтары 4 жастағы балалар | Сейсенбі 27.12. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар | Бейсенбі 29.12. «Қарлығаш» мектепке даярлық тобы 5 жастағы балалар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті | Қазақ тілі | | |
